№6 дәріс. Концепт дискурсы және идеология

Антропоцентристік парадигма өз бастауын Еуропадан В. фон. Гумбольдттың лингвофилософиялық концепцияларынан алады. Бүгінгі таңда антропоцентристік парадигма өте қарқынды зерттелу үстінде. Антропоцентристік парадигманың негізгі көзқарастары этнографиялық тіл білімі, психологиялық тіл білімі, XX ғасыр тіл білімін зерттеушілердің (лингвистикалық мектептер) еңбектерінде баяндалады. XXI ғасыр лингвистика ғылымында тіл тек қатынас құралы болумен ғана шектелмей, тіл ұлт мәдениетінің басты көрсеткіші (категориясы) ретінде қарастыратын жаңа қарқынды бағыт қалыптасты. Бұл тұжырымның іргетасын белгілі лингвофилософ В.Гумбольдт қалады. Одан кейін ғалымның идеясын А.Потебня, И.Гердер, Г.Штейнталь, М.Хайдегер, Д.Уитни, Д.У.Пауэлл, Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорф, т.б. секілді ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тапты. Тілді адам, қоғам, таным мәселелелерімен сабақтастықта қарастыру барысында негізінен адам өзінің адами болмысы мен рухани-материалдық қажеттіліктерін өтейтін концепттілік аясын қалыптастыру үшін ақпаратты тілдік арна негізінде алады. Яғни қандай да бір ұлт тілінің болмысында өзіне тән этномәдени және этнотанымдық бірліктер жиынтығы (коды) жатады. Ол жиынтықты ұлт тілінің болмысына антропоцентристік әдісерді қолдану арқылы (лингвомәдениеттанымдық талдау, лингвокогнитивтік талдау, этнолингвистикалық талдау) тіл табиғатын тануға болады.

Тіл тек ақиқат өмір суретін атап қана қоймайды (тілдің номинативтік қызметінің көрінісі – айналадағы заттар мен құбылыстарға атау беруде ғана емес), әлем бейнесінің поэтикалық образды келбетінде жасайды. Бұл арада тіл ғалам бейнесін ттікелей емес (тура мағынасында емес), ауыспалы бейнелі түрде (тілдік көркемдеуіш құралдар арқылы) суреттейді. Тілді антропоцентристік бағытта зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде (Л.Леви-Брюль, Б.Малиновский, К.Леви-Стросс, Ю.Н.Караулов,В.Н.Телия, Г.В.Колшанский, Ю.Д.Апресян, Д.С.Лихачев, В.А.Маслова, т.б.) тілді рухпен, адамның шығармашылық интелектуалдық мүмкіндігімен байланыстырады. А.А.Потебняның түсіндіруінше «тіл – ойды туғызушы тетік, сондықтан сөз заттың тура таңбасы емес, оның адам санасында тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейне» [12] болып табылады. Яғни, антропоцентристік парадигма басты назарды адамға аударады, және адамға қатысты бірліктерді (қоғам, мәдениет, таным, т.б.) мәселелерді өзара сабақтастықта қарастырады. Яғни, антропоцентристік парадигма «тіл-адамқоғам», «тіл-ұлт-мәдениет», «тіл-ұлт-таным», т.б. секілді ауқымы кең триадаларды қарастыру барысында, бір-бірімен өзара сабақтастықтан тұратын ғылыми бағыттар аясын қарастырады.

Антропоцентристік парадигма астарынан лингвомәдениеттаным (лингвистика мен мәдениеттану), когнитивтік лингвистика (лингвистика мен когнитология/гнесеология), этнолингвистика (лингвистика мен этнология), психолингвистика (лингвистика мен психология), социолингвистика

(лингвистика мен социология) т.б. екі ғылымның тоғысуынан туындаған ғылыми пәндер тарайды. Мұндай үлген бағыт аясынан бірнеше ғылыми пәннің өрбуі лингвистиканың негізгі үш бағытына да тән болып келеді. Оларға тән осы қасиетті мынадай шартты сызба арқылы жіктелген (классификацияланған) нұсқасын көрсетуге болады. Тіл білімі (лингвистика) Салыстырмалы-тарихи бағыт Жүйелі-құрылымдық бағыт (структуралық) Антропоцентристік бағыт Салыстырмалы тіл білімі, Салыстырмалы грамматика, Тарихи грамматика, Салғастырмалы тіл білімі, т.б. Фонетика, Лексикология, Морфология, Синтаксис, т.б. Лингвомәдениеттану, Когнитивтік лингвистика, Этнолингвистика, Психолингвистика, Социолингвистика, Паралингвистика, т.б. Тіл болмысы мен ұлт табиғатының өзара бірлестігін қарастыру XIX ғасырда В. фон Гумбольдтің еңбектерінде кеңінен сөз болып, антропоцентристік парадигманың аясындағы тоғыспалы ғылыми пәндер қазіргі уақытта өзіндік зерттеу нысаны бар, ғылыми аппараты қалыптасқан, терминологиялық жүйесі орныққан, өздеріне тән категориялары айқындалған дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып үлгерді.

Тоғыспалы ғылыми пәндер лингвистика ғылымында салыстырмалытарихи және типологиялық зерттеу әдістерінің философиялық негізін салушы – лингвофилософ Вильгельм фон Гумбольдтің (1767-1835) идеяларынан бастау алады. Ғалымның түсіндіруінше, тіл философиясының басты негізгі – тіл болмысын халық тұрмысымен қатар, ұлттық сананың ерекшелігі ретінде тану қажеттілігі айтылады. Ғалымның негізгі концепциясы мынадай болып келеді: «Өмірде адам, тіл, ойлау және дүние (әлем) дегендер болады. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Тіл адам мен дүниенің арасындағы аралық нәрсе. Ол – адамды сыртқы дүниемен байланыстырушы. Тіл – халық рухының сыртқы көрінісі, халық ойының, дүние тану дәрежесінің көрсеткіші. Халық тілі – оның рухы, халық рухы – оның тілі. Бұл екеуі тепе-тең, Тіл – адамның рухани әрекетінің өнімі емес, әрекеттің тура өзі» [13] – деген пікірі антропоцентристік прадигмадағы теориялық таяныш, айнымас темірқазыққа баланып, осы тұжырым көптеген зерттеулердің жүргізілуіне бағыт бағдар болғандығы көпшілікке белгілі.